


Л 2006
З448к

тапханасы

ТАРАЗИ

ӘКІМ



ТАРАЗИ

Ауыл
жетін безі
үйі

Әңгімелер

ӘКІМ



АЛМАТЫ
«АТАМҰРА»
2006

824.572.122-3
ББК 84 Каз 7-44
Т 21


Тарази Ә.
Т 21 Ауыл шетіндегі үй. Әңгімелер.— Алматы: Атамұра,
2006.— 248 бет.

ISBN 9965-34-387-X

Белгілі жазушы Әкім Таразидің бұл кітабына «Жалын» журналының тұңғыш нөмірінде жарық көрген алғашқы әңгімесі — «Әнім сен едіңнен» бастап, өткен ғасырдың 80—90-жылдары оқырман қауымның ыстық ықыласына бөленген туындылары топтастырылған. Әр жылдарда жазылған әңгімелердің қай-қайсысында да уақыт таңбасы, замана шындығы айқын сезіледі.

Жинақ қалың оқырманға арналған.

Т 4702250201-013 хабарландырусыз — 2006 ББК 84 Каз 7-44
418(05) — 2006



ISBN 9965-34-387-X

© Тарази Ә., 2006
© «Атамұра» баспасы, 2006

ӘНІМ СЕН ЕДІҢ

Сол жылы көктем ерте шықты; сол жылы көктемде ауылдағы бозбала бірі қалмай бәрі ғашық болды; сол жылы көктемде ауылдағы бозбала бірі қалмай бәрі бір қызға ғашық болды. Қыз аты — Ләйлі. Диірменші Ақмырзаның немересі. Бұрын қалада оқыпты. Әпкесінің қолында екен. Әпкесі қайтып келген. Бұл да ере келіпті.

Ақпанның бас кезінде жер қап-қара еді. Ауыл үстінен дүркін-дүркін шаң-тозаң суырған ала дауыл соғып, биыл құрғақшылық болады деген үрей-сүрең ел мазасын алып тұрған. Сондай бір күні Мирас сабаққа кешігіп қалып, «екі өкпесін қолына алып» келсе, кластас жолдастары далада, сегізіншінің терезесінің алдында үйіріліп тұр екен. Бәрінің бет-жүзі алау-жалау. Бәрінің ішіне от түсіп кеткендей. Көздері жайнап, өздері елеңдесіп қалыпты.

Әдетте балалар (бұлар өздерін әлі «бала» дейтін) жамырасып амандасатын. Бұл жолы Мирасты ешкім көрмеді. Көрсенде елемеді. Әтімжан деген бала Қоран деген балаға қарап таңырқап басын шайқады. Қоран деген бала Қален деген балаға қарап тұрып таңдайын тақ еткізді. Тақ еткізді де басын шайқады. «Керемет!» дегені. Ұзынтұра Нәметқазы мен қортық Әлмұқан терезеге үңіліп қалыпты. Мирастың о кезде мінезі тез, қимылы шапшаң еді, бейқам тұрған Нәметқазыны кері лақтырып тастап, терезенің қаңылтыр ернеуіне өзі жармасты.

Кластас жолдастарының мұнша неге абыржығанын сонда бірден түсінген. Ең соңғы партада қызыл көйлекті бейтаныс қыз отыр екен. Сол жерде тұрған жігіттердің әрқайсысындай-ақ Мирас та бұл қыздың несі әдемі деп талдау жасап, мәнін ұғынып жатқан жоқ, көрді де, түсінді, түсінді де, ғашық болды. Ғашық болды да, телміріп қарап қалған. Кәрімов ағай шашы жалбырап жетіп келіп, қолындағы жіңішке ақ таяғымен Мирастың көзі тұсын әйнектің арғы жағынан нұқып қалмаса, Мирас сол телмірген қалпы телміріп тұра бермек.

Әтімжан екі беті шикандай дөп-дөңгелек жігіт еді. Сол:

— Апыр-ай! — деп тандай қағып, басын тағы шайқады. Бұл қылығына өзі де ыңғайсызданып қалған. Соны жуып-шаймақ боп:

— Бестібайдың жирен қасқа дөненін айтам да... Шіркін ұшқан құсқа жеткізбейді-ау, жеткізбейді! — деді. Мәселе жирен қасқада емес, мәселе басқада екенін жігіттердің бәрі түсінді. Жігіттердің бәрі бір-біріне сыр бермей, әр нәрсені сөз етісіп, тарасып кеткен.

* * *

О кезде «Мәдениет» колхозы жүз елу үйден аспайтын. Үш көше еді: «Украин көшесі», «Орта» көше, «Мектеп» көшесі. Тау жақта шашырап отырған бес-алты үй «Қотыр көше» аталатын. Сол «Қотыр көшеден» сәл әріректе биік төбе бар-тын. Сол төбеге ауылдың ақсақал-қарасақалдары, қатын-қалаш, бала-шаға түгел жиналып, ақ қара бас қой сойып, құдайдан жаңбыр тілесін. Мирастың Ләйліні анықтап жақын көруі сол жиын үсті. Қызыл көйлек киіпті. Өзі аппақ, көзі алақандай, мөлдір екен. Бұл ауылдағы бұрын кісімсіп жүретін «өзіміздің қыздар» нөкер боп, Ләйлінің соңына еріпті. Шашбауын көтеруші ғана болып қалған. Өздері өңсіз, ұсқынсыз екен ғой! Бірінің мұрны тым таңқы, бірінің көзі тым қысық, бірінің аяғы тым қисық екен ғой. Ләйлі болса жұрт көзінің өзіне сұқтана қадалатынын сезетін сияқты, сынаптай жүйткіп бір орында тұрмайды. Жүгіріп ана топқа бір барады, мына топқа бір келеді, көзі жалт етіп, әр жігіттің бетіне бір қарап, әдейі от тастап кетеді. Жоқтан өзгеге күле береді. Жұрт алдына шығып, ойын көрсетіп жүргендей.

Әтімжан дөп-дөңгелек, қып-қызыл беті бұрынғыдан да дөңгеленіп, бұрынғыдан да қызара түскен, көзі жайнап, есеңгіреп қалған Мирастың қасына таяп кеп, есеңгіреген қалпы:

— Апыр-ай! — деп тандайын тақ еткізді.

— О не? — деп еді Мирас. «Апыр-айдың» не екенін білгісі кеп сұраған жоқ, жай сұрай салған. Әтімжан да өзінің «апырай» деп қалғанын, «апырайды» неге айтқанын енді түсініп қап, сонысына қысылып, сөзді бұрып кетті.

— Бестібайдың жирен қасқа дөненін айтам да, ұшқан құсқа жеткізбейді-ау, жеткізбейді! — деді. Әтімжан жылқышының баласы еді. Ат десе өлетін. Мирас оны түсінді. Түсінді де үндеген жоқ. «Солай-ақ болсын, Бестібайдың дөнені-ақ болсын!» деді де қойды.

Ләйлі Мирасты да жанай бір өтті. Жалт етіп қарай бір өтті. «Мен саған да ұнармын. Қалай ұнатпассың!» деп өтті. Жасы он алтыдан жаңа асқан, тұтануға даяр тұрған, көзі алақандай сұңғақ бойлы, сұр жігіттің кеудесіне әдейілеп шоқ тастап кетті. Сөйтті де өзі ауыл мен төбе арасындағы сайға беттеді. Соңында «кәнизактары».

Сол күні кешке құдайдың күні ағыл-тегіл құйсын кеп, құйсын кеп. Алла тағаланың ақ ниеті ақтарылып бір кетсе керек. Күн жауды. Екі күн жауды. Апта жауды. Ақ жауынның өзі.

Мирас бұл жылы қыстай кітапты көп оқыған. Бұрын бар өмірін әскери қызметке арнаймын деп жүрген бала жігіт бұл кезде офицер мен ақынның қайсысын қаларын білмей дал болды. Алты күнде жер езіліп, мылжа-мылжа болды. Мирас алты күн үйден шықпады. Жылы тонға оранып жатып ап, кітап оқыды. Абай таусылды. Науаи таусылды. Жамбылдың қалың томын тінтіп шықты. Махаббат жайлы айтылмайды екен. Сараң. Әлсін-әлсін өзі де отырып, өлең жазды. ОНЫҢ көзі. «Бір сен. Сенен басқа ешкім емес». Гүлге ғашық болған бұлбұлдай. «Күн де, ай да сен». «Сенсіз өмір қараң». Жүрек. Жүрек, әрине, күйіп-жанады. Оған, әрине, ем жоқ. Дауа жоқ. «Ем тек сен ғана». «Дауа тек сенде ғана». Өлең жазады. Тәп-тәуір-ақ. Төгіліп-ақ отырғандай. Қайта оқыса ұнамайды. Жыртып тастайды. Қайта жазады. «Өмірім түнек еді. Күн іздеп жүруші ем. Күнім сен екенсің ғой!» «Жалт етіп қарап бір өткен кезің, ұмытармын ба! Өле-өлгенше жадымнан кетпес. Өлсем өзіммен бірге кетер. Мен өлсем де ол өлмес». «Мен жаралы жолбарыс ем, сен киіктің лағы!» Жоқ, бұл болмайды. Бұл Пушкин екен. Мирас өзінен-өзі тұнжырап, қатуланды. Бұл дүниеде оны ешкім түсінбейді. Ол — жалғыз. Ол — жаралы жолбарыс. Жарасын жалап, жалғыз жатыр. Түсінер жалғыз — тек СОЛ. Неге жалғыз, бұл өмірден неге түңілді? О жағын өзі де білмейді. Түңілді. Жалғыз. Жаралы. Бар болғаны сол. Өмір болса: «Өмір өтіп барады құры бекер, амал жоқ оған қарсы қайрат етер. Өстіп жүріп гүл солар. Күн де сөнер». Жо-жоқ! Бұл болмайды. Қайдан шыққан күйректік. «О, Мирас! Қайратқа мін, қажырлы бол!»

Түн баласы ұйқы жоқ. Көзі ілініп кетсе, соны көреді. Түсінде ОЛ өмірдегідей жадырап, жарқылдап жүрмейді. Ұяң. Мұңлы. Сүзіліп қарайды. Тізесін құшақтап жылап отырады. Қайғыдан өңі сұп-сұр. Қолын созады. Қолын созып, қараңғыға шегіне береді.

Мирас та жүрегі езіліп, жылайтын болар. Жастығы дымқыл болып қалады. Түсінде сөйлейтін болар. Айғайлай ма екен? Бір рет оянса, мамасы бас жағында маңдайын сипап отыр.

— Не болды, қалқам? Шошыдың ба? Маңдайың ыстық қой. Ауырып қалдың-ау! — дейді. Мирас қатты қысылды. Мамасы сезіп қоймады ма екен, бұл ұйықтап жатып ОНЫҢ атын атап қоймады ма екен?

Көктемгі каникул да бітті, жауын да тыйылды. Уәделескендей. О кезде колхозда «Мәдениет сарайы» түгіл жай клуб жоқ-тын. Ойын-сауық, жиын мектептің далиған дәлізінде өтетін. Алматыдан артистер келіпті. Ауыл түгел мектепке жиналытты.

Күн бата Мирас далаға шықты. Өңі қуарып, әлсіреген. Соны өзі сезеді. Сол халі өзіне ұнайды. Бұлардың үйі мен мектеп арасы жақын-ды. Өзінің қуқыл-әлсіз қалпын бұзып алмауға тырысып, абайлап басып мектепке жетті.

Мектеп адамға аузы-мұрнынан лық толы екен. Есік-терезелерден бала-шаға ақтарылып төгіледі. Мирас жұртпен итерісіп, жұлқысқысы келмеді. Өзіне ұнайтын өзінің әлсіз-қуқыл қалпын бұзбады. «Ләйлі осында шығар. Жұрттың ең алдында отырған шығар» деп ойлады. Мектепті айналып, сегізінші кластың терезесіне барды. Шам жанып тұр екен. О кезде ауылда май шам жағатын. Еңлік боп, Кебек боп киініп алған артистерді көрді. Көзі сығырайған Еңлік ернін бояп тұр екен. Мирас жиіркеніп, теріс айналды. Көңілі бұзылып, үйге кетіп қалды.

Өз бөлмесіне кіріп шам жақты. Ары отырды, бері отырды, кітап оқымақ еді, оқи алмады, өлең жазбақ еді, «Айым-күнімнен» аса алмады, жыртып тастады.

Сонда барып роман жазуға бекінген. Бір сәтте идея да, суреттер де түйдек-түйдегімен, тізбек-тізбегімен қозғалып кетті. Жүріп берді.

Бір бай болады. Байдың ай мен күндей қызы болады. Аты — Ләйлі. Байдың жылқышысы болады. Аты — Сауран. Адал, қайратты ер жігіт. Ләйліге ғашық. Ләйлі де оған ғашық. Екеуі айлы түнде ауыл сыртындағы өзенді сайда кезігеді. Сырласады. Ләйлі жылап жібереді. Бетін жігіт төсіне басады. Әкесі мұны хан тұқымына бермек екен. Соны айтады. Сауран: «Қашайық!» дейді. «Қайда?» «Қырғызға. Нағашыма!» дейді Сауран. Тілеулес апа-жеңге, дос-жолдастың көмегімен екеуі Көтенүзбе асуынан асып, Сусамырға бет алады.

Хош, сонымен екі ғашық қырғыз елін паналап, жүріп жатсын. Со кезде Арқада серпінді дүбір басталмақ еді. Орта жүз ығысып келіп, Ұлы жүзбен тізе қосты.

Бір отырғанда-ақ романның бір тарауы жазылып қалған. Дәптердің он екі парағы түгел таусылып, жаңа дәптер табылмай қалмаса, екінші тарау да еңсерілетін. Жазғанын оқып еді. Ұнады. Көзі бал-бұл жанып, өз-өзінен күлімдеп қараңғы далаға шықты.

* * *

Көзін жұмса, көретіні Ләйлі. Көзін ашса, көңіліне Ләйлі деген сөз оралады. Кітап бетін ашса, барлық сөз тұтасып келіп Ләйлі деген сөз құрайды. Қара партаның беті теңбіл-теңбіл: «Ләйлі, Ләйлі» деп жаза беріпті, оны өзі де аңғармайды.

Ләйлі болса ауылдағы бозбаланы түгел «дертті» қылды. Түгел есінен адастырып, мәңгіртіп жіберді. Күн батса жоғары класс оқушылары мектепке жиналады. 8-март, әйелдер күніне арналған ойын-сауық кешін өткізбек. Соған әзірлік. Бұрын репетиция десе, ат-тонын ала қашатын жігіттер енді айналшықтап, мектептен шықпайды. Сегізінші класс кең. Сонда жиналады. Парталарды қабырғаларға тақап қойып, ортадан ашық алаң ашады. Өнерсіз деген жігіттің өзі қолына домбыра алған. Мирас аккордеон тартады. Ән айтады.

Бір-біріне ештеңе демесе де жігіттердің бәрінің күтер шағы біреу. Ләйлінің келуі. Ләйлінің ортаға шығып билеуі. Ләйлі «нөкерлерін» ертіп келеді. Отырады. Оркестр бірекі күй тартады. Сосын Ләйлі шығады. Тайсалмайды. Билей жөнеледі. Сол кезде жігіттердің көзін көрсең.

Ол уақытта мектептерде оқушылар аз болушы еді. Қыз балалар тым сирек кездесетін. Бесінші-алтыншы бітіре ме, бітірмей ме, «орнын тауып» кететін. Жоғарғы класс оқушыларының көбі ересек. Қоран мен Ханмәлік жиырмадан асқан, кексе. Ләйлі келгелі жігіттер екі топқа бөлінген де, екі топтың басында сол екеуі. Ләйліге негізгі үміткер де сол екеуі. Ханмәлік мектеп комсомол комитетінің хатшысы. Қоран оқушылар комитетінің төрағасы. Ханмәлік кавказдық тәрізді: шашы, қасы қалың, мұрны үлкен, бадырақ көзді, ірі, қайратты жігіт. Қоран — нәзіктеу, жұқа. Толқынды қара шашты, күлім қаққан сүйкімді. Ханмәлік — өр, ашық айқайдың адамы да, Қоран — қулау, жатып-атар.

Мирас бұлардың екі тобында да жоқ. Мирас бұлардың есебінде жоқ. Ол әлі бала. Он алтыдан жаңа ғана асқан. Өзі жіп-жіңішке, нәзік, сидиған. Бұдан жас шағында пысық, бұзық, шақар-тын. Оныншы класқа өткелі ұяң. Жұртқа көп жоламайды. Ертелі-кеш үйінде жатып алады. Өлең айтқанда, аккордеон тартқанда қызарақтап көзі жаусаурай береді. Мирас екі топтың да есебінде жоқ. Өзімен-өзі. Өз сезімімен өзі. Билеп жүріп немесе жайшылықта жанынан жанай өте беріп Ләйлі тұңғыық көздерімен беріле қарайтын. Мирас соған мәз. Жұрттың бәріне Ләйлінің солай қарайтынын Мирас білмейтін. Сызбейтін. Көрмейтін. Бір рет, репетициядан соң, жігіттер далада тұрып көп күжілдесті. Аккордеонын үйіне әкеп тастап, Мирас сыртқа шыққан. Жігіттер әлі күжілдесіп тұр екен. Бұл жақындай бергенде сарт та сұрт төбелес басталып кетті. Бір тобы қаша соғысты, бір тобы қуа соғысты. Мектептің арғы жағындағы қалың ағаштың іші тасыр да тұсыр, айғай, балағатқа толып кетті. Бұрында мұндайды өзі ұйымдастырып жүретін Мирас селт еткен жоқ. Көшеде жалғыз өзі тұрды-тұрды да, үйге қайтты. Ертеңіне балалардың көбінің көзі-басы көгеріп шыға келіпті. Мирас: «Неге?» деп ешкімнен сұрамады. Екі топ қырқысып, Қоран қолы жеңіліп, «бұдан былай Ләйліге қарай аяғын қия баспауға серт беріп» тынғанын Мирас білмеді. Ләйлінің бейнесі жетелеп, тараудан тарауға, қырдан қырға асыра берді. Роман қалындай түсті. Он дәптер лық толды.

* * *

Бүгін де кеш жатқан, сонда да көпке дейін ұйықтамай алмады. Дөңбекшіп көп күрсінді, түн ортасында тұрып, шам жақты, өлең жазды.

Талықсып ұйықтаған. Түс көріпті. Көргені сол Ләйлі. Мөліп қарайды. Сырт жағы түнек қараңғы екен дейді. Соған шегініп барады. Мирасқа қол созады. Жігіт жүрегі елжіреп, езіліп жыларман халге келген.

Ерте оянды. Ұйқы шала. Далаға шықты. Таң жаңа атқан. Шығыс жақ өртеніп тұр екен. Колхоз кеңсесінің алдындағы қара құлақ радио Қазақ Республикасының Гимнін ойнап тұр. Гимнді естіген сайын Мирастың көз алдында өзі көрмеген алыс шығыстағы тістей аппақ Алтайдың ақ шындары елестейтін. Қазақстанның күні сол арадан көтерілетін тәрізді.

Мирас көшеден өтіп, мектеп алдындағы көсемдер мүсіні бар алаңнан өтіп, қалың ағашты баудың арасынан өтіп, арғы бетке шықты. Ол жақта «алпыс гектар» деп аталатын қызылша егілетін теп-тегіс дала бар. Бақ арасын шағын сулы тоған бөліп жатыр. Мирас майкісін шешіп, белуарына шейін жуынып алды.

Темір жол астындағы ұшы-қиырсыз жазық жазира да, қыстан қалған шөп маялар да, Қырғызстан жақтан көрінген «шолақ поезд» да мұнартып, оңтүстіктегі тау шындарына күн нұры түсіпті. Ақ шыңға шағылысқан күн нұрымен бар дүние құлпырып сала берген.

Түнде жазғаны шалбарының қалтасында екен. Алып оқыды. Және оқыды. «Неге сен мұнаясың, елес беріп». Мына ғажайып таңда, кеудесі толған күмбірлеген күйсезімнің қасында мына жол, мынау өлең шынар мен шындардың көлеңкесі іспетті аңғарылды. Сыр құйылған ақ қағаз сол арада парша-парша болды.

Сонау қарауытқан кең шатқал Ойранды аталады. Жігіт соған қарап біраз тұрды. Тұрды тұрды да, орнынан ұмтыла қозғалып, үйіне қарай ентелей жөнелді. Романның келесі тарауы «Ойранды» аталмақ. Бұлар паналап жүрген қырғыз ауылын кеше қазақтар шауып кеткен. Бетке ұстар қыз-жігітті байлап-матап алып кеткен. Солардың ішінде Сауран да бар. Ләйлі аулақта еді. Болған сұмдықты есіте сала атқа мінді. Көтенүзбеден қайта асты. Арыды, шалдықты. Алатаудың қазақ жағындағы күнгеі шатқалға жетті. Хан ордасын осы арадан тапты.

Көсілген алаңда елу-алпыс ақ үй тігіліпті. Маңайдағы қырғыз-қазақ түгел жиналыпты. Алаңқайда аяқ-қолдары кісендеулі жүз жігіт, өрімдей жүз жігіт тізерлеп отыр, шыжыған күн астында. Төбе басына тақ қойып ханның өзі жайғасыпты, нөкер-уөзірлерінің ортасында. Арасында Ләйлінің әкесі бар. Тізерлеген жүз тұтқынның бірі — Сауран. Хан інісі қынабынан қылышын суырды. Содан әрі дәті шыдап жаза алмай, Мирас далаға шығып кетті. Сәске болған екен. Есік алдындағы көлеңкеде мамасы отырыпты. Алдында түрегеп тұрған Молдашқа:

— Мирас ұйықтап жатыр. Оятпай-ақ қой, — дей беріпті. Мирасты көріп, Молдаш қуанып кетті.

— Міне, шықты ғой! — деп бұған қарай тұра ұмтылды.

Молдаш — жетім жігіт. Диірменші Ақмырза асырап алған, Ләйлілерге жақынсымақ. Қиық көз, тыртық мандай, жұқа жігіт. Балалар оны «жылауық» дейді. Жылы сөз ай-

тып, тамақ берген үйдің қызметін тындырып, қона кететін әдеті бар. Ас-суы мол, әкесі колхоз бастық Мирастың үйіне үйірсек. Іші-бауырына кіріп, Мирастың айналасынан шықпайтын. Сол Молдашқа Мирастың көңілі бүгін ерекше түсті. Бөлмесіне ертіп кіріп, жан баласына білдірмей жүрген сырын ашты — он бір дәптер романның қолжазбасын көрсетті. Бірнеше сағат отырып, ерінбей-жалықпай оқып берді.

Өздігінен өмірі кітап оқып көрмеген Молдаштың сығыр көзі жылтырап кетті:

— Жүдә тегі, мынауың сұмдық екен! — деді. Таңдайын тақ-тақ қағып, басын шайқап көп отырған. Сосын үйіне кеткен, біраздан соң қайтып оралды. Жерден жеті қоян тапқандай қуанышты, еліріп алған.

— Жүр тез, жүдә тегі! — дейді.

— Е-е, қайда?

— Біздің үйге! Талғат көкеме айтып ем, жүдә тегі, әкелсін, маған оқысын деді; — дейді

«Талғат көкесі» диірменші Ақмырзаның кіші ұлы. Физика мұғалімі. Ақмырзаның өзі тау бөктеріндегі диірменнің басында тұратын да, осы ауылдағы жапа-жалғыз шатырлы үйде Талғат тұратын. Ләйлі қазір соның қолында.

Молдаштың мына қылығына қысылып ыза болса да, Ләйліні бір көру бақыт, сол үшін келісті. Дәптерлерін қолтығына қысып, Молдаштың соңынан ерді.

* * *

Осы жерге көше салдырып, колхоз ұйымдастырған Ақмырзаның үлкен ұлы Бекзат, Ләйлінің әкесі. Жұрт оны аузынан тастамайды. «Лаулап тұрған от-жалын еді» деседі. Өр, өжет жігіт болған екен. Ләйлі дүниеге келген жылы ұшты-күйлі жоғалыпты. Содан соғыс басталды, соғыс бітті, одан хабар-ошар жоқ. Ауылдағы үш көше, еңселі мектеп, бітпей қалған артезиан құдығын «Бекзаттың көзі ғой!» деп, кемсендеп отырған кемпірлерді Мирас талай көрген. Сондықтан да Бекзаттың шатырлы үйіне Мирас құрметпен қарайтын. Енді міне, сол үйге бармақ. Мұғалім Талғатқа қолжазбасын оқымақ. Әбес. Әбестік. Ұят іс. Бірақ түсініксіз бір күш бұны жетектей жөнелді. Дедектетіп Талғаттың алдына алып келді. Күн кешкіріп қалған кез еді. Бекзат үйінің алдында бір көрі кемпір от жағып отыр екен. Мирастың бетіне сығырая қарап алды да:

— Бұл қай бала? — деп сұрады.

— Апа, бұл колхоз бастығының баласы ғой! — деді Молдаш.

— Е-е, айналайын, кел, кел, — деді кемпір. Сөйдеді де күрсініп қалып: — Бекзатым тірі болса, көнеки! — деді. Мирас қысылып қалды. «Бекзатым тірі болса, сенің әкең бұл колхозға бастық болар ма еді!» дегісі келгенін аңғарды. Сөйтіп күйзеліп тұрғанда:

— А-а, Құлдыбаев! — деген үн естіп, жалт бұрылды. Талғат мұғалім екен. Үйден шығып, биік текпішекте тұрыпты. Соғыстан бір аяғы кем. Қос балдаққа сүйеніп жүреді. Мирас, тез бұрылып, мұғалімнің қасына тез таяна беріп, абыржып тұрып қалды. Талғат бұған тесіле, сынап қараған. Өні өзгеріп кетіпті. «Осы сенсің бе, сен емессің бе?» дейтіндей. Солай бір сәт тұрды да:

— Ал, жүр! — деп өзі үйге қайта кірді.

— Жүр! — деді Молдаш та.

Бекзат үйінің бөлмелері көп еді. Соның біріне жайғасып отырып алып, үшеуі қолжазба оқыды Мирас шабыттанып, қызынып оқыды. Талғат пен Молдаш үн-түнсіз қызығып тыңдады. Бұлар романды оқуды аяқтағанда түн ортасы болған. Талғат, бұйра шаштары дүрдиіп, көздері қызарып, шатынап кеткен, балдақтарына сүйеніп, орнынан тұрды.

— Ә-ә? — деп біраз ойланған қалып көрсетті. Романда ханның қалың қолы Көкемаран өзенінен, шет-шетіне жұқа мұз қатып, өте алмай іркіліп қалатын кезең бар-ды. Сонда ханның өзі бірінші боп ағысы қатты долы өзенге қойып кетеді. Жалдап барып өтіп шығады. Ханның бұл өжеттігінен ұялған қол мұзды суға лап қояды. Көп адам суға кетеді. Сол арада Мирас ханның қалың қабағын, тайсалмас мінезін сүйсініп суреттейтін. Талғат соған шүйілді.

— Ә-ә? Көкемаранға ханның өзі бірінші боп түсті, ө? Батыр екен ғой! Ім-м. Ханның қылығына сен де сүйсінесің, ө? — деді. Сөйдеді де бұрышта тұрған жалаңаш столды оң қолындағы балдақпен періп жіберді. Періп жіберді де айғай салды:

— Бір кило мақта ауыр ма, бір кило қорғасын ауыр ма? А-а?

Мирас шошып кетіп, орнынан қарғып тұрған. Талғат: «Отыр! Көні отыр!» деп ақырып жіберді де, жалаңаш столды балдағымен тағы да қойып қалды. Балдақ екі бөлінді. «Бір кило мақта ауыр ма, бір кило қорғасын ауыр ма? Көні, айт!»

Мирас мұғалімнің түсіне енді айқындай қарап еді. Кісі шошырлық екен. Бұрқырап терлеп салыпты. Көзі құтырынып кеткен. Мирас пен Молдашты көрмейтін болар.

— Солай, ә? — деп мысқылдай күлді де қасындағы орындыққа отыра кетті. Үн-түнсіз біраз отырды да Молдашқа қарап:

— Мынаны апарып кішкентай бөлмеге жатқыз, — деді. «Мынау» дегені Мирас. Жекіп айтты. Мирас түк түсінбей саса түскен, «не десең де көндім» дегендей орнынан тұра берді. «Неге мен бұл үйде қонуым керек? Үйге қайтпаймын ба?» деп ойлауға Мираның мұршасы келмепті Көне беріпті. Молдаш «кішкентай бөлмеге» шам жағып, төсек салыпты.

— Ал, жата бер. Көкемнің бұнысына көңіл бөлме. О кісі білесің, отырып келген, — деп шығып кетіпті. Мирас шешініп, жатыпты. Сонда барып, «мен мұнда неге жатырмын? Бұл не боп кетті, өзі?» деген ой бір-ақ келген.

* * *

Сол жылы көктемде Мирас мәңгіріп кетті. Не істеп, не қойғанын өзі де білмейді. Бір күні сабақтан соң Талғат оңаша алып қалып, бетіне тесіле қарап көп отырды. Отырды-отырды да, балдағына сүйеніп тұрып кетті. Күрсінді. Сосын:

— Ханның өзін батыр, қайсар ғып көрсетесің, ә? — деді. Мирас не айтсын. Үндеген жоқ.

— Сенің талантың бар! — деді Талғат. — Бірақ өлі баласың. Түк білмейсің. Бір кило мақта ауыр ма, бір кило қорғасын ауыр ма? Білмейсің.

Мирас жауап бермек еді. Талғат балдағын тықылдап, тез-тез басып қасына жетіп келді де, жігіттің үстіне төніп тұрып:

— Ойланба да! Жауап берме де! Саған бұл сұрақты бергізбесін! Менің саған тілегім сол! — деді. Мирас таңырқап, мұғалімнің бетіне қараған. Пора-пора терлеп кетіпті. Жаңа әзірде ғана тап-таза, ап-айқын үлкен қара көздері қанталап, құтырып тұр. Мирас көзін тайқытып әкетті.

Талғат қос балдақпен еденді нұқылап ары-бері жүрді де, кенет тоқтай қалып ақырып жіберді.

— Таста! Құрт анау қолжазбанды. Сен маған оқыған жоқсың, мен тыңдағам жоқ, білдің бе?!

Содан бес-алты күн өткенде «Сусамырдың» қолжазбасы жоғалып кетті. Мираның үйіне Молдаштан басқа

ешкім бұл аралықта келген жоқ-тын. Мирас Молдашты қысты. «Сен алдың! Қайыр!» деді. Молдаш ант-су ішті, нан жеді, бет бақтырмады. Мирастан кашатынды шығарды. Жоламай кетті. Мирас бір рет бақтың ішінде оны қолға түсірді. «Сенен басқа ешкім алған жоқ! Адал болсаң, неге қашасың! Тап, көні!» деп алып ұрып, соққыға жықты. Молдаш талып қалып, есін жиғанда еңіреп жыласын кеп.

— Анда барсам, Ханмәліктен көрем, мұнда келсем, сенен көрем! Енді мен қайда барамын?! — деп зарлап қоя берді. Мирас, байғұс жігітті зәбірлегеніне өкініп, жаны ашып, жыларман халге келіп, кетіп қалды.

Содан жөне бес алты күн өткенде Мирастың папасы ауданға барып қайтты. Түнеріп қайтты. Келе өз бөлмесінде сабақ әзірлеп отырған Мирастың үстіне кірді.

— Қалқам, тыныш жүр! Талантың тасып бара жатса, алтын медаль алуға тырыс! — деді де шығып кетті. Жекіген жоқ. Жай айтты. Мирас мүлде мәңгіріп кетті. Сезімнің бар нәрін бұрын «роман» деп атаған дәптерлердің бетіне төгетін. Енді одан айрылған соң сезім дерті бала жігітті біржола меңдеп алды. Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалған. Мектепке баратын сияқты, сабақ тыңдайтын сияқты. Бірақ соның бәрі шошып оянар алдындағы түс сияқты: селдір бірдеңе. Қағазға Ләйлінің атын жазады, жазады да, жыртып тастайды. Үйіне келсе, оңаша бөлмеге тығылып алып, тон жамылып жатқаны бүрісіп. Мектептегі маңдай алды оқушы еді, құлдырап, төмендеп кетті, пысық қана, шапшаң ғана жігіт еді, енді болбырап, жүнжіп кетті. Кім не десе, соған көнеді, өркімнің жетегінде кете барады.

Ханмәлік Ләйлінің соңынан жақын бір жеңгесін салады. Ләйлі маңайлатпайды. Ханмәлік талай-талай хат жолдайды. Ләйлі ол хаттардың бірін де оқымайды, апарған жеңгетайдың көзінше жыртып тастайды. «Қыз көңілі колхоздың («колхоз бастық» дегенді «колхоз» дей салатын) баласында болса керек, соны сұрай береді» депті Жамал деген пысық келіншек. Мұны естіп, Ханмәлік жаңа бір қулық ойлайды. Мирас бұның бәрінен бейхабар, бей-жай жүргенде Ханмәлік оны үйіне қонаққа шақырды.

Ханмәлік жесір әйелдің жалғыз баласы, кішкентай ғана екі бөлмелі үйде тұратын. Үй мүлкі де жұпыны, жадау. Жер еденге киіз төселіп, киіз үстіне құрақ көрпелер жайылған, жастықтар тасталыныпты; «Ханмәлік тобы» деген

топтағы алты жігіт осында түгел екен. Мирасқа ерекше ілтифат көрсетіліп, төрден орын берілді. Оны-мұны айтысып біраз отырған соң ет келді. Ет алдында Ханмәлік жүре-леп отыра қалып, кәдімгі ақсақал адамдарша шешенсіп сөйлеп кетті. Бұл өмірдің адамға бір-ақ рет берілетінін айтты. Бұл өмірге адам қонақ екен. Сондықтан бұл өмірде адамдар бірін-бірі сыйлап өтсе, одан артық, одан ғанибет не болсын. Мирас болса Ханмәлікпен құлың-тайдай тебісіп бірге өскен жолдасы. Осы ауылдағы бетке ұстар жастардың бірі. Ханмәлік оны жанындай жақсы көреді екен. Болашағынан үлкен үміт күтеді екен. Көптен бері төс түйістіріп, нан жесісіп дос болғысы келеді екен. Соның ыңғайы бүгін ғана табылыпты. Мына жолдастарын куә деп әдейі шақырыпты. Енді, міне, Мирасқа: «Дос болайық!» деген адал ниетін білдіріп отыр.

Ханмәлік соны айтты.

Ханмәлік бір тізерлеп отырған қалпы, ентелей кеп, Мирасқа жақындай түсті. Көзіне жас та жиналып қалған екен. Мирас та елжірей кетті.

— Ниетіңе құлдық, дос болсақ, болайық! — деді. Екеуі орындарынан тұрысып, кеуделерін ашып, төс түйістіріп құшақтасты. «Өле-өлгенше адал доспын!» деп анттасып, нан жеді. Бұны көріп, Ханмәліктің шешесі жылап жіберді.

* * *

Сол жылы ақпан айының аяқ кезінде күн ысыды-ай кеп, ысыды, ауыл адамдары қолапайсыз киімдерін тастап, лезде түлеп шыға келді; дала да күрт өзгеріп көгере бастаған, тау бөктерін қос трактор лезде қопарып қап-қара ғып тастады да, жер қыртысынан аңқып шыққан көктем иісі ауыл адамдарын есенгіретіп тастады. Өзі мәңгіріп жүрген Мирас мүлде жүнжіп барады, не істеп, не қойғанын біле бермейтін тәрізді. Күндіз-түні ойлағаны Ләйлі. Сонда «мен ғашықпын-ау осы, енді сол Ләйлі менікі болса, онымен өмірлік серік болсам» деген сияқты ой жігіт басына бір рет келсейші! Бұлар дос болған күннің ертесіне-ақ Ханмәлік оңашада Мирасқа сырын айтты. «Ләйліге ғашықпын. Онсыз енді маған өмір жоқ. Мен оны алуым керек» деді. «Алғың келсе, алғаның дұрыс» деді Мирас. «Тек сен мешайт етпесең болғаны!» деді Ханмәлік. Ол Мираны құшақтап:

— Қайран досым-ай! — деп жылап жібере жаздады. — Сен өзіңнің кім екеніңді білмейсің!

Ханмәлік жалынған соң Мирас түнімен отырып, Ханмәліктің атынан Ләйліге өлең жазды. Бар дүниені ұмытып, өз сезімін төккен. Тәп-тәуір шығыпты. Ханмәлік оқып болған соң, оңаша кластың ішінде «ас-са!» — лап шешенше билеп-билеп алды да, Мираның маңдайынан сүйді. Сосын асықпай отырып, өлеңді өз қолымен тазалап көшіріп, конверт сыртына «лети с приветом, вернись с ответом!» деп үлкен әріптермен жазды. Сәл ойланып тұрып, хатты Мирасқа ұстатты.

— Енді, шын дос болсаң, осы хатты өз қолыңмен Ләйліге жеткіз! — деді.

Келесі күні Мирас таң сәріде оянып, жеңіл ғана киініп, өз шарбақтарының шетіне барып тұрды. Сол арада шарбақты жалғыз аяқ жол кесіп өтеді, сол жолмен Ләйлі күнде мектепке келеді.

Таң сап-сары боп атқан екен. Аспан да, тұтасқан жұп-жұқа бұйра бұлт та сап-сары. Шіріген шөптің иісі — жер қыртысынан шыққан көктем иісі қолқаны алады. Мирас аспанға қарап тұрғанда шарбақтың «ойығынан» қызыл көйлекті Ләйлі шыға келді де, сасқаны болар, «Сәламатсыз!» деп ернін болар-болмас жыбыр еткізіп, тез-тез басып өте берді. Мирас та жалма-жан:

— Ләйлі, тоқташы! — деп қалды. Қыз тоқтай қалып, жалт бұрылды.

— Не дейсіз? — О да абыржыған, үні қалтырап, үздік-үздік шықты. Мираның басы шыңылдап кетті, бұл не, анау не дегенін өзі де анық біле бермейді.

— Ләйлі, мынаны саған! — деген болар бұл.

— Ол не? — деген болар анау.

— Хат еді, — деген болар бұл.

— Енді сіз де маған хат жаздыңыз ба! Сіз де солар сияқты ма едіңіз! — деген тәрізді анау.

— Алып, оқып шықсаң, көресің! — деген болар бұл.

Қыз хатты алып, тұра жүгіріпті. Жігіт тұрған жерінде аңырып тұрып қалыпты Содан өз-өзіне келгенде аңғарғаны: бүкіл әлем қып-қызыл екен. Жұқа ғана бұйра бұлттар ауыл аспанына жаба салған қызыл шәлідей толқып, бұлдырап тұр екен. Көктем иісі қолқаны алып, мұрынды жарып жіберердей, дем алудың өзі қиындап кетіпті.

* * *

Кешке жақын Мираның үйіне Молдаш келді, көзі сығырайып, өзінен-өзі мәз боп күліп келді.

Мирас, әнеугі өкпесі бар, жақтырмай қабақ шытып, отырған орнында отыра берген. Молдаш, жымың-жымың етіп кеп, бір қағаз ұстата салды

— Оқы! — деді.

Мирас ештеңеге мән бермей, қағазды ашып қалып еді, өдемі әріптермен тізіліп: «Ханмәлік! Сіз осыныңызды қоймадыңыз-ау! Жетер енді. Мына өлеңнің түп нұсқасын иесіне қайтарып беріңіз» деп жазылыпты. Мирас бұған да мән берген жоқ.

— Бұны маған неге көрсеттің! — деп ашуланып, қағазды Молдашқа қайтып берді. Молдаш:

— Ә-әй! Осы сен түк түсінбейсің! — деді де, қолын бір сілтеп, үйден шығып кеткен. Біраздан кейін Мирас интернатқа барса, ересек балалар жататын бөлменің есігі іштен ілулі екен. Ар жақтан көп адамның қосыла шыққан күлкісі естілді: біреулер бар көрінеді. Мирас есік қақса, іштегілер тына қалады да, бір сәт үндемей тындай қалса, гүжілдесе бастайды. Мирас есікті қатты-қатты қағып еді, бөлме іші жым болды да, таяп келген біреу:

— Бұл кім? — деп сұрады.

— Мен ғой — Мирас.

— Ә-ә, Мирас болса аш! — деген Ханмәліктің жуандаусы естілді. Бұл бөлмеде сегіз темір төсек, ұзын-ұзын екі стол тұратын. Сол екі столды бір-біріне бүйірлестіре қойып, он шақты жігіт қоршап отырыпты. Қалжабай деген жігіт, қолында қаламы, шұқшиып қалыпты.

— Жақсы келдің, — деді Ханмәлік Мирасқа. — Анау итке анада анау иттігін кешіріп ек қой. Анау иттің өзін емес, Талғат ағайды аяп, кешіріп ек қой. Сонымыз қате болған екен. Біздің кешіруге қақымыз жоқ екен. Енді сол актыны қайта жасап жатырмыз. Куәгердің бірі өзің, жақсы келдің. Қазір бәріміз қол қойып, ол иттің тұқымын тұздай құртамыз! — Ханмәлік аз-кем үндемей қалды да: — Әй! — деді басқа біреуге, — кәні, шықшы бері өзің, не дейсің өзің?

«Анау ит» төсектің астында жатыр екен, көзі сығырайып, түсі бұзылып кеткен, көкпеңбек боп, қалш-қалш етіп, шығып келе жатыр. Бағанағы хаттың ашуын Ханмәлік енді Молдаштан алмақ, Мирас оны енді ғана түсінді.

Түсінді де қалшиып тұрып қалды.

Бөлме іші қара көлеңке, дымқыл суық. Көлеңкедей қалтылдаған Молдаш бір жерге шоғырланып, қарауытып тұрған топқа жақындады.

— Ал, көні, не дейсің? — деп гүж етті қарауытып тұрғандардың бірі. Бұл еш жауапты қанағат тұтатын сұрақ емес, сұрала салған сұрақ.

— Не дейін?.. — Сорлының тісі-тісіне тимей қалшылдап тұр.

— Ә-ә! Не дерінді білмейсің... Онда — мө!

— Бекер ұрдың. Бұған бағанағы бақаны жегізу керек еді. Бақа қайда? — Бұл жуан дауыс Ханмәліктің даусы. Қою топтағы қою қара көлеңкелер қимылдасып кетті.

— Әй, басынды көтер. Мына порциянды жеп қой. Сонда саған бәрін кешіреміз!

Молдаш орнынан тұрды. Қалш-қалш етеді.

Қара көлеңкелердің бірі Молдаштың қолына бірдеңе ұстатты. Сол кезде Мирас әлдене айтқандай болып еді.

— Тоқтат! — деп айқайлап жіберіпті. Қараңғы бөлме іші жым-жырт бола қалды да, іле-шала:

— Әу, мынау сорлыға не жоқ-ей! — деген Ханмәліктің күлкісі естілді. Қарауытқан қара топ енді бұған жақындай беріп еді.

— Жігіттер, тоқтандар, тоқтай тұрындар! — деген сыбыр естілді. Ханмәліктің өзі болар. Үнінде бір ләззат бар. Әлдебір ләззатты бір сәтті күту бар. Сол ләззатты сәттің енді келгенін білген адамның үні.

— Мұны менің өзіме жіберіндер. Мұнымен мен өзімақ есептесейін. Қазір, қазір.

Ханмәлік Мирасты айналып өтті. Бетіне үңіліп қарады, енді ұрмақ еді, Мирас бірінші боп салып жіберді. Жұдырығы онша қатты тимегенін сезді. Ханмәлік, күліп жіберіп, Мираның бетіне бетін тақап, көзіне көзін қадады. Ханмәліктің көздері үлкен, шықшыты шығыңқы, шашы қалың екен ғой. Мирасқа қарап тілін шығарып тұр, кекеткені. Шығыңқы шықшыт ұруға тым ыңғайлы, Мирас, салып жібергісі келген, бірақ сол секундта: «Тілінді тістеп аласың ғой!» деп айқайлап үлгерді. Айқайлап үлгерді де, сол қолымен іштен ыңқ еткізіп те үлгерді.

Ханмәлік денелі болғанмен, төбелесе алмайды екен. Құлашын сермеп, қазақша ұрам дегенде Мирас көз ілеспес шапшаң қимылдап, ашық тұрған беттен тағы да, екі рет соғып жіберді. Ханмәлік екі қолымен бетін басқан күйі, тәлтіректен тұрып қалды.

— Ойбай-ай, ойбай, мынауың нағыз хулиган ғой, ойбай, неғып тұрсындар?! — деп Ханмәлік жылап жіберді. Бұл төбелестен Мираның есінде қалғаны, ең соңғы есінде

қалғаны — теңселіп құлап бара жатқан қара көлеңке. Сол сәтте өзінің басының ішінде бірдеңе жарқ етті де, сөніп қалды. Түзелтай деген қара дәу арт жағынан кеп шоқпармен шүйкеден ұрған екен.

Бұл төбелес бүкіл мектепті, бүкіл ауылды дүрліктіріп жіберді. Ханмәліктің шешесі зар жылап директорға келіпті:

— Анау Ақмырзаның қаншығы жоқ кезде ауылымыз тыныш еді! Көзін құрту керек. Балалар бір емес, екі емес, күнде сол үшін қан болады да жатады. Бұл сұмдыққа тыйым бола ма, жоқ па? — депті.

Мұғалімдер де дел-сал болыпты. Ауылда өсек гулеп кетеді. Соның бөріне ыза болған Талғат мұғалім Ләйліні диірмендегі атасының үйіне түнделетіп апарып тастапты.

* * *

— Папаң айтты: «Мирас диірменге барсын. Бидай тартырып қайтсын деді», — дегенде Мирас таң қалды. «Маман бір жерге жұмсайды» деп еді-ау Молдаш. Қарсы болма деген. Мирас келісті. Ертеңіне таң сәріде ат жеккен арбамен тау бөктерінде, Ойрандының аузында отырған Ақмырзаның диірменіне жүріп кетті.

Ойрандының аузы ауылдан он шақты шақырым. Жеткенше өлең айтып көңілді барды. Ирелендеген тау жолы қызық екен. Диірменге жақындай бере үй төбесіне шығып тұрған қызыл көйлекті Ләйліні көріп қалып еді, жүрегі лүпілдеп кетті. Қыз да бұны танып қалды білем, жүгіріп барып, төбеден әрі секіріп, ғайып болды. Содан кешке дейін кезек күтіп, алып келген үш қап бидайын тартып болғанша Мирас Ләйліні көре алмады, тығылып қалса керек.

Түс кезінде Мирас диірменнің бірыңғай ызыңынан ұйқысы кеп, мүлгіп отыр еді, кішкентай бір бала келіп:

— Ей, колхоздың баласы сен бе? — деді.

— Мен, — деді Мирас.

— Сен болсаң, атам шақырып жатыр, шай ішсін деп! — деді. Мирас барды. Ақмырза дәу, көзі көк шал екен. Қонжиып малдас құрып алған.

— Кел, қарғам! — деп қасына отырғызды. Ләйлі бұнда да жоқ екен, Ақмырзаның күйеуден қайтып келген қызы Әсия шашын қырыққан, қалаша киінген, әдемі, толық келіншек Мирасқа сынай бір қарады да, шай ұсынды. Үнсіз отырып, үшеуі шай ішті.

Сосын Ақмырза:

— Қарғам, көзінде от бар екен. Адам боласың. Арманына жет, қарғам! — деді. «Қарғам» деген сөз Мирасқа оғаш естілді. «Бұл кісі біздің елден емес-ау шамасы...» деп ойлап қойды. Өзі:

— Талғат аға Ләйліні «келсін» деп еді, — деді. Қалай айтқанын аңғармай қалған, қызарып кетті. Әсия әкесіне қарап:

— Пусть поедет, — деді.

— Барсын, — деді Ақмырза да орысша түсінетін адамдай басын шұлғып қап.

Күн еңкейе бидайын тартып боп, Мирас жолға жиналды. Дәл жүрер шақта үйден Ләйлі шықты. Мираспен амандасқан жоқ. Төмен қараған күйі келіп, арбаның арт жағына, бетін теріс бұрып жайғасты. Соңынан шыққан Әсия:

— Завтра возвращайся! — деп қалды.

Екеуі жол бойы ләм деп тіл қатысқан жоқ. Ләйлі теріс қараған күйінен бір өзгермеді. Мирас та қызға деген түсініксіз бір ерегіс сезініп, сазарып, үндемеді. Анда-санда артына бір қарап қояды. Тау басында қара қалпақтай қалқайып тұрған жалпақ бұлт бұлардың соңынан қуып бергендей болды. Мирас атқа қамшы басты. Арба салдырлап төмен қарап құлдилай жөнелді.

Қара бұлт, ол да ауыл үстіне төмендеп, төніп келеді. Дәл осы екеуін қуып жетуге серт еткендей. Төніп келеді, төніп келеді.

Сол шапқаннан ауылға жетіп, Ләйлінің үйінің тұсына келгенде аттың басын бір-ақ тартты. Ләйлі арбадан түсті, түсті де бірдеңе айтқысы келіп, қипақтап тұрып қалды. Сосын Мираның бетіне қарамай:

— Андағы, төсіндегі «ВЛКСМ» ба? — деді.

— Иә.

— Маған берші.

Мирас түсінбей қалды.

— Қалайша?

— Маған берші. Менде жоқ еді.

Қыз енді Мирасқа тік қарады. Мирас значокті асып-сасып төсінен жұлып берді. Сосын:

— 8-март күні концертке келесің бе? — деп сұрады.

— Жоқ, — деді Ләйлі. — Ағам мені әдейі шақыртып отыр. Жұрт өсегі басылмаса қаладағы туысқанымыздың үйіне апарып тастаймын деген, бүгін сонда әкететін шығар.

— А-а...

— Сені Алматыға кетеді дей ме?

— Иә.

— Сегіз класс бітіргендерді алатын училище деген болады екен... Соның анығын біліп, маған хат жазып жібер. Жамбыл. До востребования десен болды. Мен почтаға барып жүрем.

Сөйдеді де Ләйлі жүгіріп барып, үйге кіріп кетті. Мейрам алдында ғана әктеген аппақ үйге қызыл көйлекті қыз еніп бара жатты.

Еніп бара жатты.

ҚЫЗ ЖІБЕК

Алғаш түскен жылы жұрт бұны: «Ерке келін» дейтін. Мандайына күн тимеген біреудің «өздегі», ө дегенде ата-ене, абысын-ажынның «төк-төгіне» көндіге алмаған. Әлдекім бетіне қарап «сен» десе, үй айнала қашып, ағыл-тегіл жылайтын. «Қор болдым, келіп алып кет!» деп ата-анасына айына бір хат жазып қоятын.

Күйеуі Сауран өзінен он шақты жас үлкен. Еркеліктің бір ұшы осында ма, қалай? Арықтау, ұзын бойлы, тәптәуір-ақ жігіт еді. Соңғы кезде қарны шығып, өңі де бұзылып барады. Енді басы кіп-кішкентай боп, аяқтары сиды-ып, орта-белі жұп-жуан, жараспай-ақ қалған. «Е, мейлі, еркек өрлі болмаса да, көрлі болсын». «Қатар-құрбыдан кем болмай, ел ішінде қарайып жүрсе — со да керегі». Сауран ауыл азаматтарының бірегейі. Колхозда аға мал дәрігер. Астында сегіз орындық «Газигі». Жұрт алдында, аудан алдында беделсіз емес. Жігітке және бір сын — үй тұрмысын қалай құрғаны да. Сауран о жағынан ешкімнен кем түспейді. Үйі алты бөлмелі — стандарт. Шифермен жабылған. Верандалы. Ауласы кең. Сарайы, мал қорасы бар. Әкесі мен шешесін мәпелеп отыр. Әйелін үлде мен бүлдеге орап қойған. Іні-қарындастары орнын тапқан. «Адам боп кеткен».

Жұрт бұның өз атын енді ұмытқан. Үлкендер жағы: Қыз Жібек келін дейді. Жора-жолдас: Жібек дейді. Балашаға: Қыз Жібек жеңеше атап кеткен. Ән салғанда «ой-бүй, бетім-ау, бұның қасында Алматыдағы өртістерің жолда қалар!» «Телебизірге шығарса, бүкіл Қазақстанның аузын ашып қалар!» Ауыл жастары мейрам сайын клубта спектакль қояды. Білетіндері бір «Қыз Жібек».

Жиырма бір жасар келіншек, бейне-ажарына қарасаң, жаңа бойжеткен қыз дерсің. Бұралып тұр. Екі беті қыпқызыл. Үлкен көздерінің әдемі екенін біледі. Кісіге қарағанда, жайшылықтан да үлкейтінкіреп қарайды.

Майысып бір сахнаға шыққанда Қыз Жібек емес деп ешкім айта алмас. Қыз Жібектің өзі. Төлегені — Саураны. Оған да құдай-тағала дауысты берген-ақ. Бұндай шырылдаған дауысты альт дей ме, тенор дей ме, өйтеуір, солай атайтын көрінеді.

Колхозда Өжет деген жігіт бар: әрі завклуб, әрі комсорг. Сауран мен Ләйліні кейде жұрт: «Өжеттің соры» деп атайды. Бір қарағанда батыр тұлғалы, түсі суық жігіт, тым момын, тым сыпайы. Сауран мен Ләйлінің соңынан қалмай, ойынға шақырып, жалынып-жалбарынып жүргені. Әсіресе Сауран «әбден итінді шығарып барып зорға көнеді-ау». Газигіне мініп ап мал аралап кетеді. Өжет байғұстың салпақтап қуып-ақ жүргені. «Ой, ағатай, ең соңғы рет болсын! Осы жолы құтқаршы, енді! Парторг жеп қояды ғой мені, жеп қояды!» деп зар жылап жүргені. Сауранға ешкім нұсқау бере алмайды. Қатысса да, қатыспаса да өз еркі. Оны қалай зорларсың.

Сауран келіссе, Ләйлінің жарасы жеңіл, көне кететін. Бұл жолы Сауранды, өлдім-талдым деп әрең мақұл дегізгенде, Ләйлі безеріп отырып алсын. «Бармаймын дегесін бармаймын! Не десең, о де! Парторг түгіл құдай айтса да бармаймын!» Өжет байғұс жата жалынсын: «Жолыңда өлейін, жеңешетай! Айналып кетейін, Ауылдың абыройы ғой. Қала берді, ауданның абыройы ғой!» «Мейлі, не десең о де! Маған десе республиканың абыройы де. Бармаймын. Қатыспаймын». Өжет кітапханадан шықпай қойған. Кеш болса, салпылдап Сауранның үйіне келеді. «Ағатай, айтсайшы мына жеңешеме! Өзіңіз келістіңіз, енді бұл кісі де келіссін, — деп. — Облысқа осы жолы және бір барып келейік. Сосын сіздерге ләм десем ит болайын!»

Жібек енді Сауранға да көнбеді. «Барсаң, өзін бар. Мені үгіттеме!» «Бір жолға барып келе ғой». Ауданның абыройы дейді ғой!» деген ата-ене сөзі де әсерсіз қалған. Жібімес тас.

Өжет парторгке айтуға мәжбүр, ол не істесін. Колхоз бастық екеуі Сауранға салмақ салған. «Мен көніп отырмын ғой. Анау, неғып қырсығып қалғанын! Сабармысың?!»

«Неге барғың келмейді, себебін айт» десе, айтпайды. «Бармаймын дедім, болды!» Ақыры аудандық партия

комитетінің екінші секретары Төленовтің өзі Сауранның үйіне телефон соқты. «Неменеге бұлданасың?» «Ойбай-ау, Ғазеке-ау, мен бе екем? Мен келісім бергем!» «Сонда, әйеліңе әлің жетпегені ме?» «Сабармысың енді оны!» «Саған саба деп тұрған ешкім жоқ! Үгіт-насихат қайда? Өзің коммуниссің! Әй, Сауран, жолың болғыр!»

Сауранға үгіт-насихат жұмысы оңайға түскен жоқ. Екі күнде өрең көндірді. Бірақ келіншегінің шарты бар екен.

— Бекежанның рөлін анау Мирас деген сұмырайына беретін болса бәрібір ойнамаймын. Кетіп қалам!

— Мирасы қайсы?

— Әлгі, «Жаңажолдағы» мектептің мұғалімі ше!

— Е-е. Даусы жақсы. Бекежанды жақсы ойнайтын еді ғой!

— Құрып кетсін! Қайдағы жақсы ойнаған. Бұзады. Ылғи бұзып ойнайды. Адамның жынына тиіп!

Келіннің «условиесі» Төленовке жетті. Төленов мәдениет бөлімінің бастығы Мерғалиеваға телефон соқты. Аудан жастарын облыстық байқауға апаратын режиссер Елена Григорьевна Кунц, Мерғалиева сонымен ақылдасты. Ол жат та туласын. «Мирастай Бекежан табылмайды!» «Табу керек». «Основной Төлеген мен Қыз Жібек қой! Бекежан нашарлау болса да түк етпес!» Кунц байғұс тулап-тулап көнеді де. Көнбеске шара жоқ. Алыстағы «Киров» колхозында бір Бекежан бар екен. Соны алдырған. Даусы да жуан, өзі де жуан жігіт екен. «Бұдан артық қандай Бекежан керек!» Бірақ Кунц мұрнын тыржыңдатып, жақтырмай-ақ қойды.

— Пробка! — деді. «Дарынсыз, талантсыз» дегенде айтатын сөзі. «Жап-жақсы ғой. Осындай Бекежан маған ұнайды» деп Ләйлі жаңа жігітті жақтай кетіп еді, Елена Григорьевна бетін қайтарып тастады. Біреуге араша түсем деп жүріп, Жібектің өзі жылап қалды.

«Жаңа Бекежан» әсіресе хордағы орыс қыздарына ұнамаған. Залда отырып алып, олар: «Пробка, пробка!» деп сыбырласып қояды.

Сөйтіп отырғанда фойе жақтан азынап шыққан ән естілді. Қуатты қоңыр дауыс «Жайықтың ақ маралы, арма, Жібек-әй!»

— Мирас! Мирас! — деп орыс қыздар шу ете қалған.

Сөйткенше болмады, сол жақ бүйірдегі есік сарт етіп ашылсын. Бірден байқап қалғаны — Мирас анадағы көргеннен өзгеріп кеткен сияқты. Тебіндетіп мұрт қойыпты. Маң-

дайына кекіл қып тастай салатын қайратты шашын, ұзартып, артына қайырған. Жағасы алқа-салқа, түсі сұп-сұр, қан-сөл жоқ. Көзі қып-қызыл. Мас. Қасында өзінен де мас үш-төрт сұмырайы бар. Кір-кір, қап-қара аяқтарына ырсиып-ырсиып кеткен босоножка киген біреулер. Шешен бе, грузин бе, әйтеуір мұрындары қолағаштай.

Орыс қыздар шуласып барып, Мирасты қоршап алды. Мирас есін білмейді. Сахнадағы Жібекке қарап қолын созып «ариялатып» тұр. «Қасында ә-ә-әлдебіреу бар ма, Жібек?! А-а-а-х-ай!» Обалы не керек, даусы дауыс-ақ! Гүмбірлеп шығады.

Елена Григорьевна:

— Бұ жүрісің не?! — деп ұрсып көріп еді, Мирас оны елеген де жоқ, көзі ешкімді көрмейтін болу керек, қолды бір сілтеді де, әнін айта берді. Елена Григорьевна: «Апарып, суық суға жуындырып, диванға жатқызындар. Айыққасын сөйлесерміз!» деген. Қасындағы жолдастары мен хордың қыздары у-шу боп, әке-көке, сен жақсы деп Мирасты алып кетті. «Елена Григорьевна Бекежанды мына жігітке қайта беретін болса, біз бұл ойынға қатыспайтын шығармыз!» деп Қыз Жібек пен Төлеген машиналарына отырған.

* * *

Екеуі содан дайындыққа қатыспай қойды. Біржола облысқа да бармай қалар еді, Төленов тағы телефон соққасын, ұялғанынан келісті. Мирас — Бекежан. Оған да көнген. «Бір ойнап шығармыз. Төзерміз. Сосын көрмегеніміз сол нахал болсын».

Маусымның жиырма бесінде, түн ортасы ауа, Жадыра ауданынан облыстық олимпиадаға сексен адам Алматы — Москва поезына арнайы тіркелген вагонға мініп, жол тартты.

Төленов, аудандағы комсомолдың жетекшісі Қолбай бар, Сауран, Ләйлі төртеуіне жұмсақ вагонның бір купесі тиген. Жанға тыныш, рақат болды. Тек еркектердің шылым тартатыны жаман. Терезені ашып тастаса о да түк емес. Үшеуі көрші купеден біреуді шақыртып, карта ойнады. Сауран Ләйліге қолын көрсетіп отырады. Бұ да әжептәуір біледі. «Ананы таста, мынаны бас» деп қояды. Кейде айтқаны дәл келеді. Қызық: қала берді, еркектер шампан ішеді. Ләйліге алдырады. «Шампан ішкеннің айыбы жоқ. Шампан арақ емес».